

№34 мектеп-гимназияның 2021-2022 оқу жылындағы оқушылармен және ата-аналармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша талдау жұмысы

Бағыты: Азаматтық патриотизмді қалыптастыру.

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

2021-2022 оқу жылының басталуы 2-11 сыныптар арасында “Тәуелсіздік жетістіктері” атты тақырыпта сынып сағаттары өтті. Сынып сағатының мақсаты: Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету. Оқушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту. Елін, жерін сүйуге, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу болып табылады. Ең алдымен, сынып сағаттары ҚР Мемлекеттік Гимн орындалуымен басталып, әрі қарай жалғасын тапты. 1-сыныптар үшін "Кел, балалар, оқылық!" алғашқы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді. Жиынға қалалық білім беру бөлімінің әдіскері А. Өтегенова және қалалақ тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, көлік және автомобиль бөлімі басшысы Ж.Асхатович қатысып, бүлдіршіндерге тілектерін білдірді. Алғашқы қоңырау соғу құрметін мектеп директоры Е.Е.Кадыров бастап, одан әрі 11сынып және 1сынып оқушыларына берілді.

1 қыркүйек – 30 қыркүйек аралығында «Қауіпсіз мектеп» акциясы туралы ақпарат беру үшін мектепшілік жоспар құрылды. Қауіпсіздік журналына «Мектептегі қауіпсіздік, жолда жүру қауіпсіздігі, интернеттегі, бөгде адамдармен қарым-қатынас» туралы кірістіріп, тәрбие сағаттарына таныстырылды. Мақсаты: мектепте балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу және қауіпсіздік шараларын жетілдіру. Акцияның мазмұны мен форматы: «Қауіпсіз балалық шақ үшін» ұраны барлық іс-шараларды өткізу кезінде ұстанатын негізгі қағидат.

8-11 қыркүйекте 1-11 сынып ата-аналар жиналысы мектептің мәжіліс залында және әр сынып үшін өздерінің сыныптарында өткізілді. Ондағы басты мәселе балалар қауіпсіздігі, демалыс кезінде су қауіпсіздігін сақтау, сіріңке, тез жаңғыш заттарды қолдануға болмайтынын ескерте отырып, кешкі 19:00- ден кейін далада жүрмеуге балаларға кеңес беру. Жиналыс соңында айтылған мәселелер хаттамаға түсірілді.

1-11 сынып ата-аналар жиналыстарында “Адам өмірінің қауіпсіздігі” қауіпсіздік шараларымен таныстыру мектеп ережелері, мектеп жарғысымен таныстыру бағытында түсінік жұмыстары жүргізілді.

Қыркүйек айы бойы ДТЖЖО: А.К. Митанов, сынып жетекшілер, және «Адал ұрпақ» тобының жетекшісі А.Х.Хайров бірлесе отырып, «Парасатты азамат» бұрышын жасау жұмысын қолға алып, бұрыш жасақталды. Құрылған жоспарға сай іс-шаралар жүргізіліп, мектептің әлеуметтік желісіне салынды.

1-11 сыныптардың зорлық-зомбылық пен қатыгез қараудың қатері бар жайсыз, қиын жағдайда өмір сүретін отбасыларды профилактикалық бақылауға алу бағытында ДТЖЖО: А.К.Митанов, әлеуметтік педагог А.Р. Киматова, мектеп психологы С.М. Муратова, Г.О. Байжиенова жұмыстанып, түрлі жұмыстар атқарды.

Жоспарға сай 1-11 сыныптар арасында «Сабақ», «Жасөспірім», «Қадағалау» жедел алдын-алу іс-шаралары. Рейдтік шарада ДТЖЖО: А.К. Митанов әлеуметтік педагог А.Р. Киматова, психолог Г.О.Байжиенова, С.М.Муратова бірлесе отырып шаралар өткізді.

14-16 қыркүйекте «Қауіпсіз балалық шақ тақырыбында», «Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!» ұранымен тәрбие сағаттары өткізілді. Сыныптағы оқушылар қауіпсіздік туралы өлең айтса, енді бір суреттер салып қорғады. 5-8 сыныптар арасында «Сақтансаң

сақ боларсың» тақырыбында слайд арқылы ойын өткізілді. Мақсаты: балалардың үйде көшеде, табиғатта қауіпсіздік ережесін сақтай білу жөніндегі білімдерін бекіту, ойлау, пайымдау, еске сақтау дағдыларын қалыптастыру. 9-10 сыныптарға «Адам өмір қауіпсіздігі» атты тәрбие сағатарында адам қауіпсіздігі туралы бейне материалдар көрсетіліп, сол бойынша түрлі жағдаяттық сұрақтар қойылып, оқушылар белсенділікпен жауапкершілікпен өз жауаптарын берді.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай мектепшілік жоспар жасалып, сол бойынша көптеген шаралар ұйымдастырылды. Мақсаты: жас ұрпаққа қазақ елінің Тәуелсіздігі мен қазақ халқының тарихын, ел өркендеуі мен нығаю жолдары туралы түсінік беру, патриотизмге тәрбиелеу.

- ҚР Тәуелсіздігінің 30жылдығына орай “Ұшқыр ой алаңы” тақырыбында дебат оздырылды.
- 5-6 сыныптар арасында “Тәуелсіз елдің ұланымыз” атты патриоттық әндер байқауы өткізіліп, жеңімпаздар анықталды.
- 13.12.2021ж “Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз” атты салтанатты шара ұйымдастырылды. Ең алдымен Гимн орындалып, ары қарай мерекелік кеш жалғасын тапты.
- 14.12.2021ж «ЖасҰлан» БМЖҰ-на қабылдау 2-5 сыныптар арасында қашықтан ZOOM платформасы арқылы салтанатты қабылдау рәсімі өткізілді. Мақсаты: «ЖасҰлан», «Жас Қыран» ұйымдарына қабылдай отырып, оларды Отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін құрметтеуге, туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға ықпал ету, өзін-өзі басқаруға үйрету.
- «Жас Қыранға» бастауыш буыннан-35 оқушы, жоғарғы сыныптан – 25 оқушы қабылданды. Мектеп-гимназия басшысы Е.Е. Кадыров бастап сөз ашып берді. Барлық қабылданушыларға галстук пен төсбелгілер табыс етілді.

4 сәуір Халықаралық интернет күніне орай “Қауіпсіз интернет” ақпараттық компаниясы өткізілді. Мақсаты: Интернет мазмұнының әсерінен болатын проблемаларды түсіну деңгейін арттыруға бағытталған ақпаратты жеткізу, Интернет ресурстарды қолдану мәдениетін, кәмелетке толмағандардың интернетке кіру белсенділігін бақылауға қатысты интернет-қызметтерде ересек қолданушылардың жауапкершілігін жоғарылату.

2 сәуір күні ДТЖЖО Л.М.Ирменова және сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі А.Жиеналиева “АЛЬФА” буынның ерекшеліктері тақырыбында тренинг ұйымдастырылды.

4 сәуір күні “Қауіпсіз интернет” ақпараттық бұрыш тақтасы орнатылды.

5-6 сәуір күндері “Әлеуметтік желі деген не?” т.б тақырыпта сынып сағаттары оздырылып, анықтамасы мен фотосы тапсырылды.

7 сәуір күні мектеп-гимназия кітапханашылары Г.Жаумбаева мен Л.Анесова бірлесе отырып “Интернет орнына кітап” атты біркүндік акция ұйымдастырды.

25 сәуір күні 1-11 сынып оқушыларына 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Бірлік сабағы» өкізілді. Мақсаты: оқушылардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азаматтарды тәрбиелеу. Қазақстан халқының бірлігі күніне орай ҚР әлемде ең алғашқы мемлекеттердің бірі болып сырттан келген өзге ұлт өкілдеріне алтын бесік болғандығын ұғындыратын, халқымыздың бірлігін, ынтымағын айғақтайтын сынып сағаттары ұйымдастырылды.

3-4 мамыр күндері 7 «в» сынып оқушысы Акбаева Даяна Еркиновна қашықтықтан қалалық «Ұлы Жеңістің Жаңғырығы» онлайн марафоны аясында патриоттық әндер мен «Жауынгерге хат» шығарма байқауына қатысты.

6 мамыр күні Ұлы Жеңістің 77 жылдығына орай 1-11 сынып оқушыларына бірыңғай «Ерлік сағаттары» тақырыбында бейнероликтер, презентациялар, деректі фильмдер көрсетілді.

07-11.06.22ж «Бала еңбегін жою мәселесі» жөнінде әдістемелік, құқықтық әдебиеттер мен газет-журналдарға шығарылған мәліметтерден мектеп-гимназия кітапханасында көрме ұйымдастырды. Жазғы мектеп оқушыларына таныстырып, толық ақпараттармен қамтамасыз етілді. Үзіліс кезінде 5,6,7,8,10 сынып оқушыларына таныстырылып, өз ойларын ортаға салды.

Науқан ұраны: «Бала еңбегін пайдалануға жол жоқ!»

Науқан мақсаты: бала еңбегін пайдалну проблемасына қоғамның назарын аудару.

«Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн!» Ұлттық ақпараттық науқанның 07-11.06.2022ж мектеп-гимназияның ДТЖЖО Л.М.Ирменова мен “Мейірім” еріктілер тобымен бірлесе отырып, рейдтік шара ұйымдастырды.

01.06.2022 жылы А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназия алаңында 1 маусым Халықаралық балалар күніне орай «Бар мейіріміміз балалар» атты жазғы мектеп оқушыларына арналған мерекелік шара өткізілді.

Мақсаты: «Балаларды қорғау күні» туралы түсініктерін бекіту. Ойын - сауықта өлең айтып, би билеу арқылы белсенділіктерін арттыру. Балаларды өзін құрметтеуге, әлеуметтік мәнділік сезімін, жеке тұлға ретінде көрсете білуге тәрбиелеу.

Мерекелік шара 2 бөлімнен тұрды.

«Мен өмірдің гүлімін» атты тақырыпта оқушыларды мектеп-гимназия директоры Е.Е. Кадыров құттықтап мерекелік шараны ашып берді. Одан әрі «Шұғыла» би тобының қыздары «Котятта» биі арқылы оқушыларға мерекелік көңіл күй сыйлады. 2 бөлімінде «Бақытты балалық шақ» бастауыш сынып оқушылары табиғат аясында сурет салып, квест ойындарымен жалғасты.

<i>Бағыты</i>	<i>Өткізілген шаралар саны</i>	<i>Тақырыптары</i>	<i>Қамтылған оқушы саны</i>
I. Азаматтық-патриоттық, құқықтық және көпмәдениеттік тәрбие	23	“Тәуелсіздік жетістіктері” білім күні “Кел балалар, оқылық” әліппе табыстау «Қауіпсіз мектеп» акциясы «Бала құқығы-адам құқығы» апталық «Зорлық- зомбылықсыз және қатыгездіксіз балалық шақ» апталық Президент күні ҚР Тәуелсіздігі «Түнгі қаладағы балалар» рейд «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәдениетін қалыптастыру» «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы Ұлы Жеңістің 77 жылдығы Жас Ұлан ұйымының жұмысы Бала еңбегін қанауға қарсы	1-11 сыныптар

2. СӨС мәдениеті.

Мақсаты: Оқушыларды салауатты өмір салтын ұстана білуге, жат қылықтардан аулақ болуға тәрбиелеу.

Мектеп кітапханасында 1 желтоқсан СПИД күніне орай «Салауатты өмір салтын ұстан» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге кітаптар, брошюра, газет беттерінен жинақталған папка қойылды. Мақсаты: Адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған қатерлі ЖИТС дертінің алдын-алу, оның жұғу жолдарын одан сақтана, қорғана білу туралы түсіндіру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Оқушыларды жаман әдеттен аулақ болуға, адамгершілікке, инабаттылыққа, ел жандылыққа тәрбиелеу. Оқушыларға аурудың жұғатын және жұқпайтын жайттары айтылып, көрсетілді. Қала мектебінің оқушылары салған осы тақырыптағы суреттер көрмесі тамашаланды. Оқушылар өздеріне түсініксіз жайттар бойынша сауалдар қойып, жауап алды. Аталған ауруға шалдыққан адамдармен қарым-қатынас жасауда, жанашырлық таныту, кез-келген ортада ол адамдармен дұрыс сөйлесіп, жақсы қарым-қатынаста болу жөнінде айтыла келіп, бейне роликте жақсы баяндалды. Қиын жағдайға тап болған оқушыларға кеңес беру бағытында мектептің әлеуметтік педагогы, мектеп психологі жұмыстанып келеді. Жасөспірімдердің өмір қауіпсіздігіне, салауатты өмір салтын ұстануына бағыт бере отырып, болашақта дені сау, білімді азамат болып өсу өздерінің қолдарында екендігі аталып өтті.

1-4 сыныптар арасында “Салауатты өмір- көтеріңкі көңіл”, 5-10 сыныптарға “Сақтан ұрпақ қатерден” тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. 1-10 сыныптар арасында “Дұрыс тамақтану - болашақ ұлт денсаулығын сақтау” онкүндік аясында жоспар жасақталып, сол жоспарға сай іс-шаралар өткізілді. Жыл бойы мектеп - гимназиямызда “Сенім жәшігі” жұмыс жасап тұрады. 26-27.04.2022 жыл 5-11 сыныптарға арналған сап түзеуінде “Өмір қауіпсіздігі” тақырыбында оқушыларға өмірлеріне төндірілетін қауіпсіздік түрлерімен таныстырылып, мәліметтер берілді. 06-11.05.2022 жыл 1-11 сыныптар арасында сынып жетекшілері “Жолдағы қауіпсіздік” тақырыбында қауіпсіздік сағатын өткізіп, анықтамасы мен хаттамаларын тәрбие бөліміне тапсырды. 18.05.2022 жылы “Еріктілер” ұйымы 3-9 сыныптар арасында “Өмірді сақтап қал” акциясын ұйымдастырды. 19.05.2022 жыл 1-4, 5-8 сыныптың ата-аналарына арналған ақпараттық стенд жасалып, таныстырылды. Мектепшілік өткізіліп жатырған “Жазғы мектеп” жұмысы уақытында оқушылар мен ата-аналарға түсінік жұмыстары жүргізіліп, мектеп-гимназия әлеуметтік желісіне жадынамалар салынды. Оқушылар мен ата-аналарға қауіпсіздік ережелерін сақтау және электр станцияларына трансформаторлар, кәбілдер мен сымдар, соның ішінде қоршауларға жақындауға тыйым салынғаны туралы сақтандырулар айтылды.

3. Құқықтық тәрбие

Жоспарға сай 1-11 сыныптар арасында «Сабақ», «Жасөспірім», «Қадағалау» жедел алдын-алу іс-шаралары. Рейдтік шарада ДТЖЖО А.К.Митанов әлеуметтік педагог А.Киматова, психолог Г.Байжиенова, С.Муратова бірлесе отырып шаралар өткізді.

14-16 қыркүйекте «Қауіпсіз балалық шақ тақырыбында», «Үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтай біл!» ұранымен тәрбие сағаттары өткізілді. Сыныптағы оқушылар қауіпсіздік туралы өлең айтса, енді бір суреттер салып қорғады. 5-8 сыныптар арасында «Сақтансаң сақ боларсың» тақырыбында слайд арқылы ойын өткізілді. Мақсаты: балалардың үйде көшеде, табиғатта қауіпсіздік ережесін сақтай білу жөніндегі білімдерін бекіту, ойлау, пайымдау, еске сақтау дағдыларын қалыптастыру. 9-10 сыныптарға «Адам өмір қауіпсіздігі» атты тәрбие сағатарында адам қауіпсіздігі туралы бейне материалдар көрсетіліп, сол бойынша түрлі жағдаяттық сұрақтар қойылып, оқушылар белсенділікпен жауапкершілікпен өз жауаптарын берді. 15 қыркүйекте мектеп-гимназия инспекторы Г.Набиденова бірлесе отырып, «Бала болашағы-менің болашағым» атты қауіпсіздік туралы 1-11 сыныптардың ата-аналарына парақшалар таратылып, түсінік жұмыстары

жүргізілді. «Жас полиция»-жол инспекторлары және мектептің ОДН инспекторларымен бірігіп, кезекші сынып оқушылары үшін «Көшеде, мектепте, үйде, лифтте тұруды» дәріс оқыды. «Жол, көлік қауіпсіздігі» бағытында бағдаршамнан өту ережесіне бастауыш сыныптарына түсінік жұмыстарын жүргізіп, жаднамалар таратты."Назар аударыңыз, балалар!" атты жедел-профилактикалық іс-шара аясында 1-4 сыныптар "Бағдаршам көмегі" тақырыбында диктант жазылды. 04 -11 қараша аралығында «Бала құқығы-адам құқығы» атты апталық өткізілді. Апталық шеңберінде арнайы жұмыс жоспары жасалды. Құқықбұзушылықтың алдын-алуына арналған соның ішінде кезекші топтағы ер балдармен де жұмыстар жүргізілді. КТІЖИ қызметкерлерімен кездесулер өткізілді. Республикалық «Зорлық – зомбылықсыз және қатыгездіксіз балалық шақ» атты ақпараттық айлық шеңберінде жоспар жасақталып, жұмыстар жүргізілді. Қараша айында сынып жетекшілер отырысында және ата-аналар жиналысында ҚР «Тұрмыстық зорлық – зомбылық профилактикасы туралы» заңының негізгі бағыттарын және ҚР балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған заңнамаларды түсіндіру жұмыстарын ДТІЖО А.К. Митанов жүргізсе, ата-аналарға психолог С. Муратова кеңестер берді. Мектебімізде жыл бойына оқушылар мен ата-аналарға арналған «Сенім» жәшігі және телефоны қызмет көрсетеді. Мектеп психологі Г.О.Байжиенова "Буллинг. Кибербуллинг деген не және ол несімен қауіпті " тақырыбында ақпарат беріліп, интернетке тәуелділікті алдын-алу бағытында кеңестер ұсынды. «Біздің таңдауымыз-заңды мемлекет» тақырыбында «Адал ұрпақ» клубының жұмысы жүйелі жүрді. Жоспар бойынша ата-аналармен де жұмыстар жасаланып, «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» атты ата-аналар жиналыстарында баяндамалар оқылды. Осы тақырыппен марафон аясында орта буын оқушыларымен флэш-мобтар ұйымдастырылды. «Адал ұрпақ» клубтарының қызметі туралы әлеуметтік желілерде рубрика ашу жұмыстары жүргізілді. Сәуір айында 7-10 сынып оқушыларымен ата-аналарына арналған ақпараттық буклеттер, жаднамалар таратылды. Жыл бойы 1-11 сынып оқушыларына құқықтық білім беру мақсатында мектеп-гимназия директорының балаларына және ата-аналарды ашық байланыс желісі арқылы жеке қабылдау ұйымдастырылды. 16 сәуір ДТЖЖО А.К.Митанов пен бірлесе отырып, бастауыш сынып оқушыларына жолда жүру ережесін түсіндіру бағытында іс-шара өткізіп, түсінік жұмыстарын өткізді. Мектеп-гимназия инспекторы Г.Набиденова бірлесе отырып, «Бала болашағы-менің болашағым» атты қауіпсіздік туралы 1-11сыныптардың ата-аналарына парақшалар таратылып, түсінік жұмыстары жүргізілді.

- С.М. Муратова оқушылар арасында зорлық – зомбылықты болдырмау және алдын алу мақсатында сауалнама өткізіп, қорытындысы бойынша зорлық – зомбылыққа ұшыраған оқушы анықталмады. Мектебімізде жыл бойына оқушылар мен ата-аналарға арналған «Сенім» жәшігі және телефоны қызмет көрсетеді.

4. Оқушылардың өзін-өзі басқару органдарының қызметін ұйымдастыру

«Жас Ұлан» балалар ұйымы 7 бағыт бойынша жұмыстар жүргізіледі, байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

«Зерде» бағыты бойынша – Қ.Р Тілдер мерекесіне орай өткізілген «Тіл достықтың тірегі» шығармашылық фестиваліне «ЖасҰлан» ұйымының өзге ұлт мүшесі Шамшиева Дильназ қатысып, дипломмен марапатталды. Қалалық «ЖасҰлан»ББМЖҰ Ұланбасы сайлауы өткізіліп, Қилау Диас қатысып, марапатталды. Қалалық “ЖасҰлан слетіне” жырла жасұлан бекеті бойынша 3 орынға ие болды. “Ризамын саған , Ұстазым” онлайн құттықтау дайындап, мектеп-гимназияның әлеуметтік желісіне салынды.

«Руханият» бағыты бойынша –1 қазан Қариялар күніне орай «Ата-әулеттің тірегі, әже-ұрпақтың жүрегі» атты акция ұйымдастырылып, мектеп жанында тұратын қариялардың үйіне барып, көмек қолдарын созды. Қыздар үйлерін жинап, ыдыс-аяқтарын жуып, ал ұлдар жағы ата-әжелерімізді таза ауаға шығарып, көңілдерін көтерді. Желтоқсан айында «ЖасҰлан» ББМЖҰ-на қабылдау өткізіліп, Жасұланға 5 сыныптар, Жасқыранға 2

сыныптар қабылданды. 1 наурыз Алғыс айту күніне орай «Алғыс айту- асыл қасиет» алғыс айту бумерангі ұйымдастырылып, одан әрі «Айтар алғысым шексіз» асхана және кіші қызметкерлерге арналған акциясымен жалғасын тапты. “Жас Қыран” ұйымының белсенді мүшесі А.Тулегенова Ж.Молдағалиев атындағы облыстық кітапханада өткізілген “Әкем, анам және мен” оқу марафонына қатысып, дипломмен марапатталды.

«Отан» бағыты бойынша – ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Атамекен» орталығында ұйымдастырылған «Өз ағашыңды отырғыз» ағаштар мен көшеттер отырғызу қалалық акциясына қатысты. “Ұлттық ойын ұлт қазынасы” ұлттық ойындар 3-4 сыныптар арасында ұйымдастырылды. 9-10 сыныптар арасында Ұланбасы Қилау Диас мектепшілік “Құқығым бар” семинар тренинг өткізді.

«Салауат» бағыты бойынша – Қыркүйек айында 5-6-7-8 сыныптар арасында «Жастар мен жасөспірімдердің арасындағы интернетке тәуелділіктің алдын алу» мақсатында тест жұмыстары жүргізілді. Тест жұмысына қатысқан оқушылардың арасында интернет желісіне не үшін көп кіретіні, не мақсатпен қолданылатыны анық көрінді. Республикалық киббербуллинг, интернетке тәуелділік бағытында ұйымдастырылған «Қысқаметражды фильм» байқауына қатысып, сертификатқа ие болды.

5. Экологиялық тәрбие.

03.11.2021ж “Атамекен”ҚБЖТЭО-да “Өз ағашыңды отырғыз” атты ағаштар мен көшеттер отырғызу акциясын қалалық тәлімгерлер арасында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және “ЖасҰлан”ББМЖҰ-ның 10 жыл мерейтойларына орай ұйымдастырды. 2021жылдың 15 қараша күні сынып оқушылары Батыс Қазақстан Экология- География орталығының ұйымдастыруымен өткізілген "Сбор семян для будущего леса" акциясына белсене қатысып, №34 мектеп-гимназия дипломмен марапатталса, оқушылар сертификатқа ие болды. Санитарлық-экологиялық айлығы аясында “Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын” акциясы 18.04.2022ж ұйымдастырылды. Мақсаты: жас ұрпақты еңбек сүйгіштікке, экологиялық тазалдыққа үйретеді. Акцияға оқушылар аталарымен қатысып, мектеп ауласына Алмұрт ағаштарын отырғызды. 23 сәуір күні «Мекенім жасыл орманым» жалпы ұлттық ағаш отырғызу акциясы ұйымдастырылды. Акция аясында мектеп ауласына 11а,э,б,в сынып оқушылары барлығы 47 ағаш отырғызды. Оның ішінде алма ағашы 21, алмұрт ағашы 26, акация ағашының 4 түрін отырғызды.

2021-2022 оқу жылы барысында 24-25 қараша күндері Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30жылдығына орай экология күні аясында "Экопатруль қызметі" түсінік-жұмыстарын А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясының 9а,э,б,в,г,д сынып оқушылары жүргізді. Әр сынып қоршаған орта тазалығын сақтау бағытында фотосуреттер дайындады.Мақсаты: оқушылардың назарын қоршаған ортаны қорғау проблемасына аудару, адамдарды табиғатта ұстау мәдениетіне үйрету. «ЖасҰлан» РББМЖҰ мүшелері «Алтындар» СҰ және мектеп айналасына шығып оқушылар мен қала тұрғындарына арнап өз айналамызды таза ұстау мақсатында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

Республикалық «Таза ғаламшар» экологиялық акциясы аясында А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясының мектеп парламенті «ЖасҰлан»ББМЖҰ мүшелерінің қатысуымен 1-11 сыныптар арасында 08-12.11.2021 ж аралығында «Батарейка тапсыр да, ресурстарды үнемде» экологиялық акциясы оздырылды. Оқушылардың бойына табиғатқа әдепті көзқарастың және оған қарым-қатынастың қалыптасуы мен дамуын қалыптастыру мақсатында бұл бағыт бойынша да іс-шаралар жоспары жасақталды. Акция мақсаты: Пайдаланылып қалған қалдық батарейкаларды қоқыс жәшігіне тастамай қажетті мекемелерге тапсыру. Акция барысында жиналған батарейкаларды қаламыздағы «Орал Таза Сервис» орталығына тапсырылды.

Қазан айында «Дармарка – заттарға екінші өмір сыйла» атты мектепшілік акциясы ұйымдастырылды. Мақсаты: ескі заттарды қоқысқа тастамай, қажеттілікке жарату; үнемшілдікке тәрбиелеу. «Дармарка – заттарға екінші өмір сыйла» акциясында оқушылар

өзімен бірге қызықты, пайдалы, қолдануға жарамды заттарын алып келіп, пайдалы кеңестерімен бөлісті. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Болашаққа жаңа кадаммен» тақырыбында пластик қалдықтарды кәдеге асыру мектепшілік акциясы 6-7-8 сыныптар арасында ұйымдастырылды.

6. Еңбек тәрбиесі , кәсіби бағдар

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықталуына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.

Қыркүйек айында еңбек күніне арналған 1-4 сыныптарға «Еңбек түбі-береке», 5-7 сыныптар «Еңбек бәріне де жеңбек», 8-11 сыныптар «Әлдемнің әміршісі еңбек» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Кезекші сыныптар арасында сәуір, мамыр айларында 5-9-11 сынып оқушыларының, мұғалімдер мен қызметкерлердің қатысуымен «Мектепті көркейтеміз-Қазақстанды көркейтеміз» мектеп айналасындағы тазалық жұмыстарын жүргізу мақсатында сенбіліктер ұйымдастырылды.

Мектеп-гимназиямызда үнемі 7-8-9 сыныптар арасында «Еңбек – елдің мұраты» жобасы шеңберінде өзінің кәсіби саласында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізген табысты адамдардың өмірі мен қызметі жайында таныстырылады, білім алушылар арасында кәсіптік бағдарлау жұмысы жүргізіледі, еңбектің құндылығы жаңа деңгейге көтеріледі.

Қазан айында Алтын күз апталығы өткізілді. Мақсаты: балаларға жыл мезгілдерінің зор байлықтары туралы толық түсіндіру. Өнерге деген қызығушылықтарын ояту, ауызбіршілікті болуға шақыру. Мектепшілік шаралар жоспары құрылып, сынып жетекшілерге таныстырылды. Мектеп кітапханасында үнемі «Елім, жерім, мекенім, Ақжайығым!» атты көрме ұйымдастырылды. Кәсіптік бағдар беру бағытында кезекші сыныптарға 9-11 сынып оқушыларына түсінік жұмыстары жүргізілді. «Барлық мамандықтар жақсы», «Мамандық таңдаудың мәселері», «Мамандық өмір таңдауы» атты тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Психологтар 9-11 сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығын зерттеу сауалнамасын жүргізді. «Мамандықтың бәрі жақсы», «Біз және біздің экономика», «Табиғат тағдыры-адам тағдыры» атты бірнеше ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Үнемі сынып жетекшілер кәсіптік білім беру бағытында сынып оқушыларымен әңгімелесу жұмыстарын жүргізіп отырды. Оқушылардың білім шыңына алғашқы қадам жасаулары үшін бойларында қандай қасиеттер болу керек, неге бейімделу керектігі жайлы және болашақ таңдаған мамандықтары туралы ойларын білу, пікір алмасу мақсатында ұйымдастырылған әңгімелесу шарасы оқушыларға үлкен көмек болды. Қаңтар-наурыз айларының аралығында қалалық «Мен кәсіптер әлемінде» атты презентациялар конкурсы өткізілді. Аталған байқауға 11 сынып оқушылары А.Бисенғалиев пен Ж.Ихласов қатысып, жүлдеді 1 орынға ие болды.

2021 жылдың 11 қараша күні Кәсіптік бағдар беру бағытында 11 сынып оқушыларымен Орал қаласы полиция бөлімінің кадр бөлімі инспекторы, полиция капитаны Ч.Жусупов 11 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырды. Кездесу барысында Қазақстан Республикасы ІІМ Қарағанды академиясы туралы оқушыларға түсінік берді. Көкейлерінде жүрген сұрақтарына жауап ала білді.

7. Сынып жетекшілермен әдістемелік жұмыс

Сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестігінің 2021-2022 оқу жылының қараша айы бойынша өткізген жұмыстары. Тақырыбы: «Бүгінгі күннің талабы: тәрбие жұмысының жаңа әдіс-тәсілдерін жетілдіру». Сынып жетекшілер бірлестігінің кезекті отырысы 6 қаңтар күні оздырылды, «Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері, әдіс-тәсілдері» тақырыбына сай мәселелер қарастырылды.

30 наурыз күні оқушыларға өнегелі жыныстық тәрбие беру жалпы тәрбие берудің көрнекті бөлігі. Бұл маңызды жұмыс әрқашанда балалардың жас ерекшелігіне қарай жүргізіліп отырылуы тиіс. Мектеп-гимназия және №5 емхана мамандарымен жасөспірімдерге қатысты жыныстық қол сұғушылықтық алдын-алу бойынша осы оқу жылына арналған жұмыс жоспары жасақталып, уақытында өтуде.

«Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың көбею себептері» барысында 9,10,11 сыныптарға сәлемдесу « ыстық алақан» тренингі, сұрақ-жауап жүргізілді.

Информатика пәні мұғалімдері Г.К. Кудабаетова, М.С.Кабдушева «Цифрлық қоғам балалары» Z буының ерекшеліктері туралы тренинг өткізді. Мектеп психологтары С.М.Муратова, Г.О. Байжиенова наркобекет жұмысы «Кибербуллинг» жасөспірімдер арасында суицидке итермелейтін әрекеттің алдын-алу (эмоционалды және психоматематикалық бұзылыстар) жұмыстары жүргізілді. Киберқауіптің алдын алу маңызды әрекеттердің бірі. Мамыр айында «Тәрбие жұмысын талдау-сынып жетекшілердің әдістемелік шеберліктерін нығайту жолы» барысында 9-11 сыныптардың жағдайын бақылау, кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізілді. Тәрбие қызметінің қорытындысын талдау мониторингі өткізілді.

8. Ата-аналармен жұмыс

2021-2022 оқу жылында жоспарға сай жалпы 1-11 сынып оқушыларының ата-аналар арналған ата-аналар жиналысы өткізілді. Оқу жылының басында жиналыс тақырыптары қойылып жоспар бекітілді. Жиналыс әр тоқсан сайын және жалпы ата-аналар жиналысы оздырылды. Сынып жетекшілер оқу жылының өзгерістерімен, мектептің ішкі тәртібімен таныстырды. Оқушылардың сабаққа уақытылы келуін қадағалауы сұралды. Күн тәртібіне қойылған барлық тақырыптар бойынша баяндамалар оқылды және кездесулер өткізілді. Жиналыстан кейін мектеп-гимназияның ата-аналар комитет төрағасы сайланды. Ата-аналар комитетінің төрағасы Рамазанов М.К. Сәуір айында 7-10 сынып оқушыларымен ата-аналарына арналған ақпараттық буклеттер брошуралармен жаднамалар таратылды. Жыл бойы 1-11 сынып оқушыларына құқықтық білім беру мақсатында мектеп-гимназия директорының балаларына және ата-аналарды ашық байланыс желісі арқылы жеке қабылдау ұйымдастырылды.

Қамқорлық кеңес ұйымының жылдық жоспарына сәйкес спонсорлар тауып қаражат жиналды, білім алушыларға және тәрбиеленушілерге әулеттік қолдау көрсетілді спорттық ойындар жүргізілді. 2021-2022 жылдың әкелер клубының жоспары «Әкелер» клубы сайланып, әр тоқсанда «Әкелер» клубның отырысы өткізілді, «Әкелер» клубы назарға ең бірінші ер балдардың тәрбиесіне көңіл аударды және «Әке» тәрбиесі туралы баяндама оқылды. Ата-аналар комитетінің атқарған қызметі ата-аналармен тығыз жұмыс жасалды, мектептегі тәрбиелік іс шараларда бой көрсетіп, ата-аналар жиналысында баяндамаларын оқыды.